

References:

1. The world economy and international economic relations: textbook / ed. A.S. Bulatova and N.N. Liventseva. Ed. with updates M.: Master, 2010.- 654 s
2. ASEAN Community in Figures 2013 (ACIF 2013) // Jakarta: ASEAN Secretariat, February 2014.
3. ASEAN - China Free Trade Area. URL: <http://www.asean-cn.org/Item/1097.aspx>
4. The Official Website of the Association of Southeast Asian Nation. URL: <http://www.aseansec.org/7672.htm>

Подсекция 5.2 ПРОБЛЕМЫ ЕВРОПЕЙСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ И ДИПЛОМАТИИ

УДК327

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Амирханова Молдир Мухитқызы

moldiramirkhanova@mail.ru

аймақтану мамандығының 4-курс студенті, халықаралық қатынастар факультеті,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші –Таштемханова Р.М.

Бүгінгі таңда ЕО-ның әлеуметтік саясаты интеграциялық үдерістерді тереңдету және дамыту факторы болуы қажет, алайда оны интеграциялаудың қазіргі жағдайында оны жүзеге асырудың тиімділігі туралы мәселе ашық күйінде қалып отыр. Біртұтас әлеуметтік саясатты жүзеге асыра отырып, Еуропалық Одақ оның құрамына кіретін барлық мемлекеттер үшін міндетті өмір сүру сапасы мен жұмысшылардың құқығын қорғаудың минималды стандарттарын белгілейді. Бұл құқықтар жұмыс уақытына, ақы төленетін демалыстарға, ерлер мен әйелдерге бірдей жалақы төлеуге, еңбек шарттарының жаңа нысандарын қабылдауға, кәсіподақ құқықтарына және т.б. байланысты.

Еуропалық әлеуметтік саясаттың мақсаты - белсенді және салауатты қоғамдағы барлық азаматтардың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету. Саясат ЕО-тың миллиондаған азаматтарына, оның ішінде жұмыссыздар, қарттар, мүгедектер, әлеуметтік және нәсілдік дискриминациядан зардап шегетін адамдарға көмек көрсетуге бағытталған [1]. Экономикалық интеграцияның тереңдеу және кеңею процесі, жаһандандудың әсері және қоғамның жаңа әлеуметтік проблемаларының көтеріле бастауы, оның әлеуметтік құрылымының өзгеруі, экономикалық және әлеуметтік дамудың байланысымен сипатталады. ЕО-тың даму тәжірибесі халықаралық интеграция процестері интеграцияланған елдердің әлеуметтік кеңістігінің үйлесімділік деңгейімен анықталатындығын айқын көрсетеді. Әлеуметтік саясат - бұл халықтың әлеуметтік қорғалуын, оның әлеуметтік құқықтарының іске асырылуын, өмір сүру деңгейін сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ететін бағдарлама. Осылайша, әлеуметтік заңның ЕО-тың күрделі құқықтық жүйесінің құрамына енуі және негізгі құжаттарында көрініс табуы заңдылық. Ол салықтық, бюджеттік және еуропалық құқықтың басқа салаларымен тығыз байланысты [2]. Атап айтқанда, ЕО бюджеттік жоспарын құру кезінде әлеуметтік саланың қажеттіліктері ескеріледі. Әлеуметтік саясат Еуропалық Одақ жүйесінің белгілі бір бөлігі ретінде қарастырылады. ЕО саясатының барлық бағыттары мүше мемлекеттердің нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, мысалы, тауарлар мен қызметтердің бірыңғай нарығына деген қажеттілік. Ұлттық деңгейдегі

әлеуметтік мемлекет келесі салалардан тұрады: әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік көмек, еңбекті қорғау, еңбек қатынастары (жұмысшылар мен жұмыс берушілер, кәсіподақтар мен жұмыс берушілердің кәсіподақтары) және еңбек нарығына еркін қол жетімділікті қамтамасыз ету.

Уақыт өте келе, ЕО елдері көбірек әлеуметтік мәселелерді бірлесе шеше бастады, бірақ әр түрлі жеңілдіктер немесе зейнетақылар түрінде тікелей қолдау әр қатысушы елдің құзырында қалады [3].

Еуропалық Одақтың әлеуметтік саясаты көптеген бағыттарды қамтиды [4]: 1. заңды еңбек қатынастары; 2. тең қарым-қатынас; 3.әлеуметтік диалог; 4. әлеуметтік қамсыздандыру; 5. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау; 6. жұмыспен қамту.

ЕО әлеуметтік саясатының әрбір кезеңі белгілі бір басты мақсаттарды көздеді. Егер мемлекеттік әлеуметтік қорғау жүйесін дамытудың бірінші кезеңінде халықты онымен қамту ауқымын жоғарылатуға басты назар аударылса, екінші кезеңде – тауекелдер тізімін көбейтуге басты назар аударылды. Қазір, осы екі негізгі бағытқа үшінші бағыт – халықты әлеуметтік қорғауды одан әрмен дамыту үшін мемлекеттік емес қаражатты тарту қосылды. Бұл тұрғыда жұмыссыздықтың жоғары деңгейіне байланысты проблемалар, ЕО халқының қартаю процесі сияқты проблемаларды айтсақ болады

Әлеуметтік саясаттың құқықтық негіздері Еуропалық Одақ құрылтай құжаттарында жазылған болатын. Интеграцияның алғашқы кезеңінде әлеуметтік саясаттың қаржылық құралы ретінде Еуропалық әлеуметтік қор құрылды.Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық бірыңғай ішкі нарық және еңбек нарығы, ұлттықтан жоғары билік институттары, бірыңғай экономикалық және ақша одақтары, шекарасыз біртұтас кеңістік, еуро аймағы, Еуропа азаматтығы, әлеуметтік қауіпсіздік сезімі біріккен еуропаның тұрақты жұмыс жасау мүмкіндігін көрсетті. Сонымен қатар, экономикалық өсу күшті қаржылық жағдаймен қатар жүрмеді.Бірыңғай экономикалық, қаржылық және географиялық кеңістік құру біртұтас әлеуметтік кеңістікке стратегиялық бағыт ретінде ғана қызмет етті. Бұл бағытта бүкіл ұауымдастық үшін ортақ шешімдерді әзірлеу мақсатында арнайы ұлттықтан жоғары институттар құру түрінде жаппай көші-қон, кәсіптік оқыту, денсаулық сақтау және экология саласында белгілі бір қадамдар жасалды. Осы жобаларды іске асыру үшін Еуропалық одақты бірыңғай ақпараттық кеңістік жұмыс істеуі керек. Еуропалық даму стратегиясында бастапқыда екі негізгі болуы мүмкін компонент: экономикалық өсу және әділеттілік негізінде әлеуметтік келісіммен қоғамдық байлықты бөлу. Келесі кезеңдерде еуропалық әлеуметтік модель қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздік талаптарымен толықтырылды, біртұтас Еуропа азаматтары арасында жеке тұлғаны қалыптастыру және олардың адамдық қадір-қасиетін қалыптастыру жүрді.

Еуропалық әлеуметтік модель ең алдымен интеграциялық бірлестіктің барлық мемлекеттерімен тарихи түрде бөлінетін ортақ іргелі құндылықтар жиынтығын қамтиды.Олардың ішінде – барлық азаматтарды ең төменгі құқықтармен және лайықты еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету, жалпыға бірдей әлеуметтік қорғау, әлеуметтік серіктестер арасындағы диалог пен ымыраға келу (бизнес, кәсіподақтар, саяси қайраткерлер мен азаматтар), еңбек нарықтарының инклюзивтілігі, әлеуметтік интеграция және әлеуметтік ынтымақтастық көрсету. Еуропаның әлеуметтік моделінің жалпы іргелі құндылықтарын тұжырымдаған Еурокомиссияның әлеуметтік саясат және жұмыспен қамту жөніндегі комиссары В.Шпидла: «Демократияны ұстану, кемсітушіліктердің барлығынан бас тарту, жалпыға бірдей жоғары сапалы білімге қол жеткізу және денсаулық сақтау, гендерлік теңдік, ынтымақтастық және әділеттілік , әлеуметтік серіктестікпен диалог рөлін тану» [5]. Бұл негізгі құндылықтар әлеуметтік модельдерінің ұлттық сипаттамаларына қарамастан, барлық Еуропалық Одақ мемлекеттеріне ортақ болуы керек. Еуропалық Одақтың жұмыспен қамту саласы бойынша ұстанымдары – ортақ еңбек нарығын құру, оның өнімділігін арттыру және жұмыс орындарының сапасын арттыру, еңбек қатынасы аумағындағы барлық дискриминация түрлерін ликвидациялау. Сондықтан, адамдық қадір-қасиеттің жалпы Еуропалық құндылықтар жүйесіне енуі құқықтарды құрметтеу қажеттілігімен негізделеді.

Осыдан-ақ жоғары деңгейдегі білімге қызығушылық осы капиталдың көбеюіне әкеледі. Адамдық потенциалдың даму индексі халықтың білім деңгейімен және осыған байланысты мемлекеттік және жеке шығындармен өлшенеді. Білім беру, профессионалды дайындық және үздіксіз білім алу Еуропалық білімнің саяси жүйесінде маңызды экономикалық және әлеуметтік рөл ойнайды.

Басқа елдерде өмір сүру, білім алу және жұмыс істеу мәдениет аралық түсіністікке, тұлғалық дамуға, Еуропалық Одақтың толық масштабты экономикалық потенциалының дамуына маңызды үлес қосады. Еуропалық Комиссия осы аймақтағы мүше мемлекеттердің өзара ынтымақтастығын және қолдауды қамтамасыз етеді. Еуропалық әлеуметтік саясаттың мақсаты белсенді және салауатты қоғамда барлық азаматтар үшін жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл саясат Еуропалық Одақтың миллиондаған азаматтарына, соның ішінде жұмыссыздар, қарттар, мүмкіндігі шектеулі жандар және әлеуметтік-рассалық кемсітушілікпен зардап шегуші адамдарға көмек беруге бағытталған. Еуропалық әлеуметтік модельдің арқасында адамдар нарықпен бетпе-бет қалмайды. Керісінше, оларға әдемдегі ең күшті әлеуметтік қорғау жүйелерінің бірі қолжетімді. Компаниялар арасындағы жоғары деңгейдегі бәсекелестік экономиканың өсуімен өндірісті дамытуға көмектеседі, адамдар арасындағы жоғары әлеуметтік ынтымақтастық тұрақты және жауапты қоғам құруға ықпал жасайды. Әлеуметтік саясаттың бастапқы міндеттері Рим келісімшартында қаралынған болатын. Өмір сүру мен еңбек ету арасындағы гармония, жұмыспен қамту мүмкіндіктерінің жақсаруы, өмір сүру деңгейінің жоғарылауы керектігі туралы айтылған болатын. Осы мақсатта Еуропалық Әлеуметтік Қор құрылды. Алайда, әлеуметтік салада жұмыс жасауға 1970-ші жылдардың ортасында Париж конференциясынан кейін іске кірісті. 90-шы жылдарда әлеуметтік саладағы Еуропалық заңдардың көп бөлігі Маастрихт келісімшартына және Әлеуметтік саясат туралы келісімшартқа негізделген [6].

Елді әлеуметтік басқарудағы қазіргі жағдайдан шығу жолы - бұл бірінші кезекте кәсіподақтардың да, жұмыс берушілердің кәсіподақтарының да жеке жауапкершілігін айқын түсіну және мемлекеттен үлкен еркіндік алып, «тым көп реттеуді» төмендетіп, осы жауапкершілікті қабылдауға деген ұмтылыс. Бірақ әзірге жұмыс берушілердің кәсіподақтары мұндай жауапкершілікке дайын емес. Бұл кезеңде жұмыспен қамту саласындағы саяси жауапкершілік мемлекеттің функциясы болып қала береді. Бірыңғай әлеуметтік стратегияның қалыптатыру жетістігінің саяси көрінісі осы стандарттарды қабылдаған елдерде мемлекет демократиялық, құқықтық және әлеуметтік болады деп түсінеді. Әлеуметтік саясаттың басымдықтары мен құрылымына, әлеуметтік мемлекеттің әртүрлі типтерінің әлеуметтік саясатының ерекшеліктерін ашуға, тиімді критерийлеріне, оның мазмұнына, тетіктері мен институттарына байланысты жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу әдіснамасын тереңдету ЕО елдерінің әлеуметтік саясатының бірыңғай стандарттарын іс жүзінде енгізі үшін теориялық негіз болуға тиіс.

Біздің көзқарасымыз бойынша соңғы онжылдықта өзектілікті Еуропалық Одақтың бірыңғай әлеуметтік саясатын қалыптастыру міндеттері алға қойылады. Интеграциялық процесстердің дамуына байланысты инвестиция үшін мемлекеттер арасындағы бәсекелестіктің өсуі жаңа әлеуметтік стратегияның дамуын қажет етеді. Жахандану процесінен бөлек өткен ғасырдың соңынан бастап, біріккен Еуропаның көптеген мемлекеттері жаппай жұмыссыздық, инфляция, халықтың қартаюы сияқты әлеуметтік экономикалық процесстерді бастан кешірді. Кейбір мемлекеттер қазір де реформаны бастан кешіруде, бұл қалыптасқан жағдайдан шығудың бірден-бір жолы әлеуметтік реформалармен ортақ әлеуметтік саясат стратегиясын жасау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Айзинова, И.М. Европейская социальная политика в период кризиса (обзор систем пенсионного обеспечения и здравоохранения в странах ЕС) //Научные труды ИНИ РАН.2013.

2. Социальное государство в странах ЕС: прошлое и настоящее. Под редакцией Ю.Д. Квашнина.// Москва. – 2016. – С. 10
3. Громыко А.А., Журкин В.В. Европа XXI века. Новые вызовы и риски //изд-во «Нестор - История», 2017. – С. 560
4. Актуальные проблемы Европы. // Сборник научных трудов/ №1. – Москва. – 2018. –С. 270
5. Говорова Н.В. Европейская опора социальных прав. // Научно-аналитический вестник. – 2018. – сс.168-173
6. Биссон Л.С. Европейская социальная модель: содержание и ограничения// Научно-аналитический вестник ИЕ РАН/ 2020.- №1.URL:<http://sg-sofia.com.ua/evrop-soc-model> (Қаралу күні: 12.04.2020)

UDC 339.92:48'572.4

INTEGRATION OF THE EUROPEAN UNION AND THE EURASIAN ECONOMIC UNION

Asserbekova Didara Saulebekovna

didaraasserbekova@gmail.com

Student of the second course of the International Relations Faculty

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Research Supervisor - K.S.Velichkov

Currently, not a single state is capable of responding alone to such global challenges of the modern world as the slowdown in global economic development, the deep socio-political crisis in the Middle East, the international terrorist movement, climate change, and environmental disasters. In this regard, the role of the Eurasian Economic Union (EAEU) in the formation of a safe space for sustainable development is difficult to overestimate.

The aim of this report - to determine the prospects for the integration interaction of the European Union with the Eurasian Economic Union.

The relevance of this report - due to the conditions of global economic instability, in which regional integration is the prevailing response to the growing crisis processes in the world economy and the dominant factor in the economic growth of participants in regional integration associations.

To achieve the aim were the following tasks:

- To consider the features of international integration processes from the perspective of neo-institutionalism of rational choice;
- Consider the advantages and disadvantages of European-Eurasian integration for the Eurasian Economic Union;
- Determine the possibility and prospects of European-Eurasian integration.

The emergence of new independent states on the Eurasian continent in the early 1990s required a radical revision of the entire spectrum of historical and socio-economic relations, which for several centuries determined the nature of the interaction between the peoples and state entities located in these territories. The idea, which could rationalize relations between the post-Soviet states on a new mutually beneficial basis, was first publicly voiced by the First President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev on March 29, 1994 during his speech at Moscow State University named after M. Lomonosov. Elbasy in his proposal emphasized the commonality of territory, history, culture - the renewed idea of Eurasianism as a basis for further productive cooperation.

Subsequently, the Kazakh leader, this idea was structured and published in print in June 1994. The project of the Eurasian Union was based primarily on the observance and joint protection of the national interests of the participating states, with a focus on the advantages and benefits of their economic interaction. Unification should be based on the principles of equality, non-